

Мақтарал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2017 жылғы 5 сәуірдегі № 13-99-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 сәуірде № 4066 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 24-161-VII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 28.09.2022 № 24-161-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Мақтарал аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мақтарал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мақтарал ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімге 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихаттың*

Б.Жұманов

Мақтарал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық жинақталу нормасы, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,95 1,061
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері	1 орын	1
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,3992
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,275
6	Емханалар	1 адам	0,275
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	0,0001
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар	1 орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	-
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,2
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,2
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м ²	1,23
		Сауда орны	

15	Машиналардан сату	1 м ²	-
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	0,9091
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,974
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,2
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,5
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	-
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,91
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,107
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,2
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,2
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,27
29	Зергерлік, аяқкиімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,06
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,06
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,23
	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар		

32	ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	-
33	Бау - бақша кооперативтері	1 учаске	0,0019

Мақтарал аудандық мәслихатының
2017 жылғы 5 сәуірдегі
№ 13-99-VI шешіміне
2 қосымша

Мақтарал ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

№	Атауы	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1.	Жайлы емес үйлер	1 адам	106
1.2.	Жайлы үйлер	1 адам	95
1.3.	Заңды тұлғалар	1 текше метр	1203
2.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тарифтері		
2.1.	Жеке тұлғалар	1 текше метр	1203
2.2.	Заңды тұлғалар	1 текше метр	1203
3.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге арналған тарифтері	-	-